

№1 ХАТТАМА

Орал қаласы

11.11.2022 ж.

**Қатысқандар:**

Комиссия төрағасы – Басқарма төрағасы-ректордың орынбасары – оқу жұмыстары жөніндегі проректор Н.М.Губашев

Комиссия мүшелері:

Ғылым басқармасының басшысы А.М.Қазамбаева

«Стратегиялық даму және талдау» басқармасының басшысы И.В.Богдашкина

«Өсімдік өнімдерін өндіру технологиясы» жоғары мектебінің профессоры Б.Н.Насиев

«Білім беру менеджменті және мониторинг» басқармасының басшысы М.Ж.Алмагамбетова

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2022» конкурсының университетішілік өткізілген I-кезеңінің қорытындысын қарастыру туралы.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

1. Оқу жұмыстары жөніндегі проректор Н.М.Губашев «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 16 наурыздағы №124 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 қазанындағы №466 бұйрығына сәйкес 2022 жылдың 1-10 қараша аралығында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2022» конкурсының жоғары оқу орны ішілік өткізілген I-кезеңіне келесідей оқытушылардың қатысқандығы туралы атап өтті:

1. Сатаева Сафура Саниевна – Индустриалды-технологиялық институтының «Мұнай, газ және химиялық инженерия» жоғары мектебінің доценті м.а., PhD докторы, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілімі – 17 жыл;

2. Нургалиев Биржан Елубаевич – «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының «Ветеринария және биоқауіпсіздік» жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, ветеринария ғылымдарының кандидаты, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілімі – 19 жыл;

3. Камалова Гаухар Абдумуталиповна – «Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру» институтының «Ақпараттық технологиялар» жоғары мектебінің доценті, физика-математика ғылымдарының кандидаты, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілімі – 26 жыл;

4. Бапиев Идеят Мэлсович – «Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру» институтының «Ақпараттық технологиялар» жоғары мектебінің жетекшісі, PhD докторы, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілімі – 24 жыл;

5. Жумағалиева Гаухар Болатовна – Индустриалды-технологиялық институтының «Машина жасау» жоғары мектебінің жетекшісі м.а., техникалық-ғылымдарының кандидаты (РФ), ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілімі – 12 жыл;

6. Ербаев Ербол Тулегенович – Политехникалық институтының «Электротехника және автоматика» жоғары мектебінің жетекшісі м.а., PhD докторы, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілімі – 19 жыл;

7. Шингужиева Алтынай Бақытжановна – Индустриалды-технологиялық институтының «Құрылыс және құрылыс материалдары» жоғары мектебінің доценті м.а., PhD докторы, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілімі – 16 жыл.

2. «Білім беру менеджменті және мониторинг» басқармасының басшысы М.Ж.Алмагамбетова «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2022» конкурсының университетішілік өткізілген I-кезеңіне қатысқан 7 оқытушының сапалық және сандық көрсеткіштерінің мәліметтерімен және олардың осы көрсеткіштер бойынша келесідей жинаған қорытынды нәтижелерімен таныстырды:

1. Камалова Г.А. – 63 балл
2. Нургалиев Б.Е. – 60,5 балл
3. Бапиев И.М. – 60 балл
4. Ербаев Е.Т. – 50 балл
5. Сатаева С.С. – 42 балл
6. Жумағалиева Г.Б. – 18 балл
7. Шингужиева А.Б. – 11 балл

3. Оқу жұмыстары жөніндегі проректор Н.М.Губашев «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2022» конкурсының ЖОО ішілік I-кезеңіне қатысқан 7 оқытушының ішінен жинаған сапалық және сандық көрсеткіштерінің нәтижелері бойынша айқындалған 50 штаттық оқытушыға 1 үміткерден аспайтын есеппен алғанда 4 оқытушыны Республикалық конкурстың II-кезеңіне қатысуға ұсынды.

#### ҚАУЛЫ:


1. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2022» конкурсының жоғары оқу орны ішілік I-кезеңінің қорытындысы бекітілсін.

2. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2022» конкурсының жоғары оқу орны ішілік I-кезеңіне қатысқан 7 оқытушының ішінен 4 үміткер:

1. Камалова Г.А. – 63 балл
2. Нургалиев Б.Е. – 60,5 балл
3. Бапиев И.М. – 60 балл
4. Жумағалиева Г.Б. – 18 балл


Республикалық конкурстың II-кезеңіне қатысуға жолдансын.


Комиссия төрағасы –

Оқу жұмыстары жөніндегі проректор  Н.М.Губашев

Комиссия мүшелері:

Ғылым басқармасының басшысы  А.М.Қазамбаева

«Стратегиялық даму және талдау»  
басқармасының басшысы  И.В.Богдашкина

«Өсімдік өнімдерін өндіру технологиясы»  
жоғары мектебінің профессоры  Б.Н.Насиев

«Білім беру менеджменті және мониторинг»  
басқармасының басшысы  М.Ж.Алмагамбетова